Бекітемін»
«Абылай»балабақша-мектебі»
ЖШС-нің меншіктенушісі А.Бердина

№1педагогикалық кеңес шешімімен бекітілген

«БАЛАУСА» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

(Мектепалды топ)

(5 жас)

2021-2022 оқу жылы

Перспективалық жоспар
Мектепалды топ. Қыркүйек айы 2021 жыл
Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: Балалар бойында балабақшаға деген құрмет, достарына, ересектерге сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру. Жақын айналасын бағдарлай білуді үйрете отырып, бірлескен түрлі іс- әрекеттерге деген қызығушылықтарын дамыту.

Міндеттері:
-ойындар мен жаттығулар негізінде денешынықтыруға қызығушылықтарын, дене сапаларын арттыру, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру;
- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту .Орыс тілін және басқа тілдерді үйренуге баулу, шығармашылық белсенділіктерін дамыту;
-логикалық ойлау, танымдық қызығушылық , зейінін және қиялын дамыта отырып, математикалық білім, білік, дағдыларын жетілдіру;
-шығармашылық қабілеттерін дамыту. қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білу біліктерін дамыту;
- қоршаған ортамен таныстыру негізінде балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»	«Қатынас»	«Таным»	«Шығармашылық»	«Әлеумет»
	Денешынықтыру-2.5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0.5	Сөйлеуді дамыту-1 Орыс тілі-1 Сауат ашу-2 Көркем әдебиет-1	Құрастыру-0.5 Математика негіздері -1 Жаратылыстану-1	Музыка-2 Сурет-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру -1	Өзін-өзі тану-1 Қоршаған орта-0.5
«Менің бала бақшам» 1-апта	**Денешынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1) Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. 2)Сапта бір қатармен жүгіру. 3)Тізенің арасына қаншықты қысып,қос аяқтап секіру. **Қимылды ойын:** «Топ жеңімпаздары» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. 2) Тізенің арасына қаншықты қысып,қос аяқтап секіру. 3)Биіктігі 40см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Тәрбиешінің белгісі бойынша түрлі қарқында жүру. 2)Биіктігі 40см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу. 3)Допты еденнен ырғытып жоғары лақтыру,қос қолмен қағып алу (4-5рет) **Қимылды ойын:** «Елті бұлдіріндер»	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Менің балабақшам» (сурет бойынша әңгіме) **Мақсаты:**Балабақша туралы түсініктерін кеңейтіп, сөздік қорларын байыту. Педагог сөзін тыңдай отырып, өз ойын айта білу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. **Дидактикалық ойын:** «Суретті құрастыр» **Сауат ашу** **Тақырыбы:**«Дыбыстар » **Мақсаты:** Дыбыс туралы түсінік беру. Балалардың дыбыстарды айтуын қадағалап, дыбыстарды ажырата білуге (даусты және даусыз, жуан, жіңішке даусыздар) зерттеуді үйрету. Зейінділікке және танымдық қызығушылыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:**«Дыбыстарды белгілейік» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Ертегі кейіпкерлері бізде қонақта» **Мақсаты:** Балаларға театр туралы түсінік беру, қуыршақ театрының түрлерімен таныстыру; балалардың өз ойларын айта білуге үйрету, театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын қалыптастыру. **Дидактикалық ойын:** «Ертегі кейіпкерлерін ата» **Көркем әдебиет:** **Тақырыбы:** «Балабақша» өлеңі Б.Тәжімбетов **Мақсаты:** балаларды өлең мазмұнымен таныстыра отырып,балабақша туралы әңгімелеуге, өлеңді мәнерлі, жатқа айтуға үйрету **Үстел-үсті ойыны**: «Менің балабақшам» (Воскобович ойын құралдары)	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Біреу және көп». **Мақсаты:**Біреу және көп сөзінің мағына сын түсіндіру.«Бір» деген ұғым бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Кімнің ойыншығы көп?» **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Бақшамызға күз келді» **Мақсаты:** Күз мезгілі туралы негізгі және ерекше белгілері бойынша түсініктерін жетіл- діру. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. **Дидактикалық ойын**: «Бұл қай кезде болады?» **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Менің балабақшам» (ұжымдық жұмыс) **Мақсаты:**құрылыс материалдарын реттілігімен пайдалана отырып, балабақша құрастыруға үйрету. Балабақшаның басқа ғимараттардан ерекшелігін сезіндіру, өз ойларынан балабақшаны құрастыр- уда шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Ерекшелігін тап»	**Сурет** **Тақырыбы:** «Балабақша ауласын-дағы ағаштар» (сюжетті сурет) **Мақсаты:**сурет салғанда ағаштарға тән сипаттарды бере білуге баулу, қылқаламмен жуан, жіңішке сызықтарды салу және боя дағдыларын нығайту, қиялын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Ағаштың пайдасы» **Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Әдемі ағаштар» (сюжетті мүсіндеу) **Мақсаты:** Пішінді мүсіндеуде басу, қысу, жалпақтау әдістерін пайдалана отырып мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеуде қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтауға дағдыландыру **Дидактикалық ойын:** «Топтағы ағаштан жасалған заттарды тап» **Жапсыру** **Тақырыбы: «Топтағы гүл»** **Мақсаты:**Топтағы өсірілетін гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту, екіге бүктелген қағазды симметриялы сызықпен кесуге және бүктеу арқылы қиюға үйрету.Топ гүлдерін күтіп-баптауға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Гүл сыйлаймыз» **Музыка (2 сағ)** **Тақырыбы:** «Менің балабақшам» **Мақсаты:** Балалардың балабақшадағы уақытын ұтымды, қызықты өткізуін ұйымдастыру. Музыкалық шығармаларды саналы қабылдауға баулу **Әуенді ырғақты қимылдар:** «Вместе весело шагать» В.Шаинский **Музыка тыңдау:** «Балдырғандар жыры»	**Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** «Менің балабақшам» **Мақсаты:** Балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту,мақтанып, құрмет сезімдерін арттыру. Айналасындағы адамдарды жақсы көруге , құрметтеуге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын**: «Балабақшамды гүлдендіремін»

		Орыс тілі **Тақырыбы:** "Менің балабақшам» **Мақсаты:** балаларды тыңдауға, есте сақтауға үйрету. Орыс тілін дұрыс айту, кейбір тұрмыстық заттардың аттарын түсіну және қабылдау дағдыларын қалыптастыру, айтылу кезінде сөздерге дұрыс екпін қою. **Ойын:** «қажетті бөлмені тап?»		**Ән айту**: *«Кел, балабақшаға» Ж.Қалжанова* **Ойын ойнау:** *«Сонар теке» Ұлттық ойын*	
«Менің достарым» **2-апта**	**Қауіпсіз мінез –құлық негіздері** **Тақырыбы:** «Валеология» ойын сауық.СОС дәрігері мейірімді досымыз. **Мақсаты**: «Валеология», СОС ұғымдарымен таныстыра отырып, денсаулықтың адам үшін маңыздылығын түсіндіру **Сюжетті ойын:** «Дәрігер досымыз бақшада» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1) Допты еденнен ұрғытып жоғары лақтырып қағып алуды бекіту.2)Шығыршықтан-шығыршыққа секіру. 3)Доға астынан бір бүйірімен еңбектеу. **Қимылды ойын:** «Доппы досына лақтыр» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Шығыршықтан-шығыршыққа екі аяқпен секіруді бекіту. 2)Кубиктер арасымен «жыланша» иреленді жүгіру. 3) Доппы көз көлмен лақтыру,кеудеге қысып қағып алуды үйрету. **Қимылды ойын:** «Жұбынды тап»	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Л.Толстой. «Екі дос» әңгімесі. **Мақсаты:** Әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, өз ойын толық жеткізуге білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын дамыту, тіл байлығын арттыру. Адал достыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Егер.., онда...» **Сауат ашу** **Тақырыбы:** «Сөз» **Мақсаты:**Сөз қашанда заттың атын білдіретіні туралы түсінік беру. Мағынасы жағынан бірдей және қарама-қарсы, ал қолданыста жалпылаушы бір сөзбен аталатын сөздерді іріктеуге жаттықтыру. **Дидактикалық ойын:** «Досыңды сипатта» **Орыс тілі** **Тақырыбы:** Менің достарым **Мақсаты:** диалогтік сөйлеуді жетілдіру, үйлесімді диалог жүргізуге үйрету. Мейірімді әңгімелесуші болуға үйрету. Байланысты сөйлеуді, пайымдауды және тұжырымды дамыту, яғни мақал-мәтелдердің мағынасын ашу. Серіктестік, өзара көмек сезімдерін тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** "досыңыздың атын атаңыз» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:**Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау) М.Әлімбаев **Мақсаты:** Өлеңді оқып беріп мазмұнымен таныстырып, мәнерлеп айтуға үйрету. Ойыншыққа деген қамқорлық, сүйіспеншілік, ауыпылық сезімін оятып, күтіп ұстауға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Әр вагонда қандай ойыншық бар?»	**Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Заттардың ортақ қасиеттері бойынша топқа біріктіру» **Мақсаты:** Ортақ белгісіне қарай заттарды бір топқа біріктіруге жаттықтыру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Кім көп жинады?» **Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Табиғаттың достарымыз» **Мақсаты:** Балалардың табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы білімдерін нақтылау. Табиғатқа және бір-біріне қамқорлық қарым – қатынасқа баулу. **Дидактикалық ойын:** «Болады, болмайды...»	**Сурет салу** **Тақырыбы:** «Досыма арналған торт»(сәндік сурет) **Мақсаты:** шығармашылық қабілеттерін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру. Қылқаламды пайдалана отырып затты безендіре білуге үйрету, бейнелеп сала білу іскерлігін дамыту. **Дидактикалық ойын**: «Досыма сыйлық» **Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Ит-адамның досы» (мазмұнды сурет) **Мақсаты:**Балалардың жан-жануарларға деген қамқорлығын арттыру.Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін меңгерте отырып, адам мен жануар бейнесін үйлесімділікпен мүсіндеу іскерлігін қалыптастыру **Дидактикалық ойын:** «Ақтөс біздің досымыз» **Жапсыру** **Тақырыбы:**«Туған күнге арналған гүл» (заттық) **Мақсаты:**Қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісіне жаттықтыра отырып, затқа қарап жапсыру дағдыларын қалыптастыру Қол бұлшық еттерін дамыту. Сұлулықты сезіне білуге, әсемдікке тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Досқа тілек» **Музыка (2 сағ)** **Тақырыбы**: «Менің достарым» **Мақсаты:** Музыка арқылы көтеріңкі көңілмен басқалар–мен қарым-қатынас жасауын қалыпта-стыру. Әнінің кіріспесін, шумағын, қайырмасын ажырату **Әуенді ырғақты қимылдар** Тату достар» И.Штраус (Жүп би) **Музыка тыңдау:** «Армандастар-абзал достар» Г.Дауылбаева **Ән айту:** «Жас дәуірдің түлегіміз» И.Нүсіпбаев **Ойын ойнау**:«Жұбынды тап» Қимылды ойын	**Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** «Достаса білейік» **Мақсаты:** «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Достар арасындағы сыйластық , достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту. **Дидактикалық ойын**: «Менің досым» **Қоршаған орта** **Тақырыбы:**«Менің ортам» **Мақсаты:** Балаларға балабақша, балабақшадағы ортасы, достарымен өзара қарым-қатынастары туралы түсінік беріп, достыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Досыңды тап»
«Менің сүйікті ойыншық-тарым» **3-апта**	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Сапта бір қатармен жүру кезінде тәрбиешіні белгісімен тоқтауға үйрету. 2) Доппы көз көлмен лақтыру, кеудеге қысып қағып алуды бекіту.	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы** «Менің сүйікті ойыншықтарым» (Сипаттап әңгімелеу) **Мақсаты:** Балаларды ойыншықтарды суреттеп сипаттау кезінде сөйлеудің қарапайым құрылымы туралы түсінігін	**Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау» **Мақсаты:**Өсімдіктерге күтім жасау туралы түсінік бере отырып, күтім жасау тәсілдері: суару, шашын сүрту.	**Сурет** **Тақырыбы:** Қуыршақтың қамзолы (акварель бояуымен) сәндік **Мақсаты:**Қамзолдың суретін салуға үйретіп, іскерлік дағдыларын меңгерту.Қазақтың ою-өрнек элемент	**Өзін-өзі тану.** **Тақырыбы:** «Өзін-өзі тану әлемінде» сауық **Мақсаты:** Адам бойындағы құнды қасиеттертуралы түсініктер беру, өзара

	3) Еңкейтілген тақтайға өрмелеуді үйрету. **Қимылды ойын:** «Менің сиқырлы добым» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Жүру кезінде белгі бойынша тоқтау дағдыларын бекіту. 2)Еңкейтілген тақтайға өрмелеуді үйретуді бекіту. 3)Доғаның астынан қолына допты ұстап еңбектеу (биіктігі 50 см). **Қимылды ойын:** «Допты ұстап ал» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Доғаның астынан қолына допты ұстап еңбектеуді (биіктігі 50 см)бекіту. 2)Алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіруді үйрету. 3)Сапқа екі қатармен тұру және сап құрылымын өзгертіп қайта тұруды үйрету. **Қимылды ойын:** «Секірткішпен секіремз»	қалыптастыру, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, өз ойыншығына деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, күтіп ұстауға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Ойыншықтарды топтаймыз» **Сауат ашу** **Тақырыбы:** «Сөйлем» **Мақсаты:** Сөйлеммен және оның сызбасымен таныстыру. Екі, үш және төрт сөзден сөйлем құрауға, сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібін сақтауға үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Сүйікті ойыншығың туралы әңгімеле» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Мақтаншақ қоян» ертегісі (қуыршақ театры) **Мақсаты:**Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін,театр ширмасын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме білуге үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекетін орындай білуге үйретіп, шығармашылыққа, батылдыққа тәрбиелеу **Дидактикалық ойын:** «Қуырпақтарды шкафқа жинаймыз» **Орыс тілі** **Тақырыбы:** Менің сүйікті ойыншықтарым **Мақсаты:** Балалардың сөйлеуін түсінуді дамыту. Сөздікті белсендіріңіз, балаларға ауызша нұсқау бойынша үйретіңіз, сипаттама мен түс бойынша заттарды табыңыз. Эмпатия сезімін, ойыншықтарға ұқыпты қарауды, дәлдікті тәрбиелеу. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Дидактикалық ойын::** «суреттерді жинап, атаңыз»	қопытуға, ұқыпты қарауға тәрбиелеу **Дидактикалық ойын:** «Еңбек құралдарын ажырат» **Математика негіздері** **Тақырыбы:** 1 саны және цифры.2 саны және цифры. **Мақсаты:**Балаларға 1 және 2 саны туралы түсінік беріп, цифр туралы ұтымдарын қалыптастыру. 2 санының пайда болу жолыментаныстыру. Логикалық қабілетін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Кімде қанша ойыншық бар?» **Құрастыру** **Тақырыбы:**«Ойыншық үшін» **Мақсаты:** Қағазбен жұмыс жасауда жолақ қағаздардан үлкен, кіші цилиндр пішінін жасауға үйрету және олардан үшіктің бейнесін құрастыруда қайшы және желіммен ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру. **Дидактикалық ойын:** «Менің үшігім...»	терін қолдана білуге, әсемдігіне мән беруге үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Қуырпақтың киімдегі ою-өрнектерді ата» **Жапсыру** **Тақырыбы:** «Паровоз» **Мақсаты:**Балаларды қайшымен қиюға,желімді дұрыс қолдануға үйрете отырып, қиюдың түрлі тәсілдерін меңгерту. Таңдау жасай білуге, ұқыпты жұмыс жасауға үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Сүйікмді ойыншықтар» **Мүсіндеу** **Тақрыбы:**«Қоңжық» (Заттық) **Мақсаты:**Балаларды сүйікті ойыншық тарының бірі Қоңжықтың сұлбасына қарап, мүсіндеуге үйрету. Өз ойыншық-тары туралы туралы әңгімелей білуге үйрету. Ойыншықты мүсіндеуге үйрету,ұсақ қол қимылын дамыту, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат» **Музыка (2 сағ)** **Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншық тарым» **Мақсаты:** Ойыншықтарын ұқыпты ұстауға, ұжымдасып ойнауға, ойыншықтар арқылы жақсы әдетке баулу. Әнді дауыстарын келтіріп, үйдестікте орындауға тәрбиелеу. **Әуенді ырғақты қимылдар:** «Барбарики» би **Музыка тыңдау:** «Ай қуыршақ, қуыршақ» Қ.Қайым **Ән айту**: «Қуыршағым» Ғ.Дауылбаева **Ойын ойнау:** «Тайтұяқ пен асатаяқ» А.Райымқұлова	сүйіспеншілікке, татулыққа достарымен ойыншықтарын бөлісіп ойнауға тәрбиелеу. Жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Бал-бала» біздің досымыз»
Жиһаздар **4-апта**	**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Тақырыбы:** «Жиһаздар» **Мақсаты:** Балаларды топ бөлмесіндегі және үйдегі жиһаздарды пайдаланғанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.Жиһаздарды ұқыпты және таза ұстауға дағдыландыру. **Дидактикалық ойын:** «Жиһаздар не үшін қажет?» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Сапқа екі қатармен тұру және сап құрылымын өзгертіп қайта тұруды үйрету. 2)Алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіруді үйрету. 3)Гимнастикалық орындық үстінде ішпен	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:»**Жиһаздар» (Сурет бойынша әңгіме) **Мақсаты:**Жиһаз түрлерімен таныстырып, сөздік қорларын толықтыру. Зат есім мен сын есімдерді қолдана отырып, сөз тіркеестерін құруға үйретуді жалғастыру. Сөздердегі дыбыстарды анық айтуға үйрету. **Мазмұнды ойын:** «Жиһаз дүкені» **Сауат ашу** **Тақырыбы:**«Буын және екпін» **Мақсаты:** Сөз буынынан, буын дауысты дыбыстан құралатынын түсіндіру. Екпін қазақ тілінідегі сөздердің соңғы буынына	**Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Ағаштан жасалатын заттар» **Мақсаты:** Балаларды ағаш және ағаштың қасиетімен таныстыру. Ағаштан адам қолынан жасалатын заттар яғни жиһаздар(үстел, орындық, шкаф, парта т.б) туралы түсінік беру.Балалардың танымдық-зерттеушілік қызметтін дамыту. **Дидактикалық ойын**: «Топтағы жиһаздарды ата» **Математика негіздері** **Тақырыбы:**3 , 4 сандары және цифрлары	**Сурет** **Тақырыбы:**«Сандықты сәндейміз. (түрлі түсті қарындашпен) **Мақсаты:**Қарындаш тармен сурет салу барысында саусақтарға күш түсірмей, сандықты салуды үйрету. Өрнектерді шеттеріне, ортасына орналастыра отырып, шаршы пішіндес заттарды безендіруді үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу, шығарма-шылық ой-өрісін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Сандықтағы затты тап» **Жапсыру** **Тақырыбы:** «Киім шкафы» **Мақсаты:**Қағаздан симметриялы пішінді қиып отырып, киім шкафтарын	**Өзін-өзі тану.** **Тақырыбы:** «Менің тәрбиешім» **Мақсаты:**Балалардың тәрбиеші апайларына деген сүйіспеншілік сезімдерін дамытып,еңбегін бағалауға,өз тобындағы заттарға ұқыпты болуға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын**: «Топқа жиһаздар не үшін қажет?» **Қоршаған орта** **Тақырыбы:**Адам табиғаттың бір бөлігі **Мақсаты:**Балаларға адамның табиғатпен тығыз байланыста

	Қимылды ойын: «Орындыққа кім тез жетеді?» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуді бекіту. 2)Алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіруді бекіту. 3)Басқа дорбаша қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен жүру. **Эстафеталық ойын:** «Кім шаншан?»	**Дидактикалық ойын:** «Сөздерді буынға бөл» **Орыс тілі** **Тақырыбы:** «Жиһаз» **Мақсаты:** Жиһаз бөлшектерін атауда балаларды жаттықтыру. Зат есімдерді генитальды көшіе түрінде дұрыс қолдану дағдысын бекіту. Тақырып бойынша сөздікті кеңейту және іске қосу. **Дидактикалық ойын:** «не жетіспейді?» **Көркем әдбиет** **Тақырыбы:**Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау) М.Әлімбаев **Мақсаты:** Өлеңді оқып беріп мазмұнымен таныстырып, мәнерлеп айтуға үйрету. Ойыншыққа деген қамқорлық, сүйіспеншілік, ағушылық сезімін оятып, күтіп ұстауға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Әр вагонда қандай ойыншық бар?»	**Мақсаты**: 3 және 4 саны және олардың цифрларымен таныстыру.Көрнекі ойындарды пайдалана отырып,3 және 4 сандарының пайда болу жолдарымен таныстыру, цифрды заттың санымен сәйкестендіру дағдыларын дамыту. **Дидактикалық ойын** : «Заттарды санап, цифрмен белгіле»	жапсыру. Геометриялық пішіндерді үйлесімділікпен жапсыра білу қабілеттерін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Неге ұқсайды?» **Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Әжемнің сандығы»** **Мақсаты:**Балаларға сандықты мүсіндеп Өшекелеуде, ермексазды есу арқылы ою өрнек салуға үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту. Халықтық өнерді құрметтеуге тәрбиелеп, мүсіндеу іскерліктерін қалыптастыру **Дидактикалық ойын**: «Әуенді сандық» **Музыка (2 сағ)** **Тақырыбы** «Жиһаздар» **Мақсаты:** Балаларды әсемдікті сезінуге, эстетика-лық талғамын көтеруге тәрбиелеу. Дикцияның тазалығына, әнді ашық айтуға дағдыландыру. **Әуенді ыргақты қимыл:** «Айнамен би» **Музыка тыңдау:** «Бөлмемдегі жиһаздар»А.Айтуова **Ән айту**. «Сүйкімді баламыз» Б.Жұмабекова **Аспапта ойнау:** «Еркем-ай» Халық әні Ұрмалы аспаптарда ойнау	екенін түсіндіру. Айналамыздағы заттардың табиғаттан алынып,жасалатынын, мысалы: жиһаз тақтайдан, ал тақтай ағаштан жасалатынын түсіндіріп, табиғатты қорғап, қамқор болуға тәрбиелеу **Дидактикалық ойын**: «Адам табиғаттан не алады?»

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
2021жылы Қазан айы

Мақсаты:Білім беру салалары негізінде отбасы құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, оларды құрметтеуге және сыйлауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

-түрлі қозғалыс ойындарында балалардың ойын Ережелерін сақтай отырып, өзгелерге көмектесе алу қасиеттерін дамыту;Мәдени-гигиеналық Ережелерді қызығушылықпен орындауға дағдыландыру;

- өз отбасы туралы әңгімелеу барысында сөзден сөйлем құрау арқылы негізгі ойын дұрыс жеткізе алу және орыс, ағылшын тілдерінде ауызекі сөйлеу білу дағдыларын жетілдіру, Ересектермен және балалармен еркін араласу дағдыларын дамыту;

- қоршаған ортамен өз-ара іс-қимыл үшін қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыру;

-балалардың шығармашылық ойлау мәдениетін, сезімін және ұлықыр қиялын дамыту. Шығармашылық үдерісті ұйымдастыру барысында ынтымақтастыққа баулу;

- өз отбасы мүшелеріне қамқорлық танытып,отбасылық қарым-қатынаста мейірімді болуға тәрбиелеу және жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

Тақырыпша	«Денсаулық»	«Қатынас»	«Таным»	«Шығармашылық»	«Әлеумет»
	Денешынықтыру-2.5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0.5	Сөйлеуді дамыту-1 Орыс тілі-1 Сауат ашу-2 Көркем әдебиет-1	Құрастыру-0.5 Математика негіздері -1 Жаратылыстану-1	Музыка-2 Сурет-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру -1	Өзін-өзі тану-1 Қоршаған орта-0.5
«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі» **1-апта**	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Басқа дорбаша (қапшық) қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен жүруді бекіту. 2)Орыннан биіктікке секіруді үйрету. 3)Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдік сақтап жүріп өту. **Қимылды ойын: «Картоп қазамыз»** **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Орыннан биіктікке секіруді үйрету(«Қолыңды затқа жеткіз»). 2)Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдік сақтап жүру және орта кезінде бұрылу. 3)Еңбектеу, биіктігі 40 см доға астынан еңбектеу. **Қимылды ойын:** «Анамызға су тасып көмектесейік» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1) Жүріп келіп сапқа үш қатармен тұру және сап құрылымын өзгертіп қайта тұруды үйрету. 2) Еңбектеу, биіктігі 40 см доға астынан еңбектеуді бекіту. 3) Арқан үстімен бір бүйірмен адымдап жүру. **Қимылды ойын:** «Атамызға алма жинап берейік»	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Шалқан ертегісі»ертегісі (көлеңкетеатры) **Мақсаты:**Көленке театры арқылы балаларды үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге үйрету. Отбасындағы бірлік, пен достыққатынасты бағалай білуге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Мен отбасыма көмектесемін» **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Біздің шаңырақ» (жаттау)Е.Өтепілеуұлы өлең» **Мақсаты:** Балалардың тіл байлығын, ой-өрістерін, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту. Өлеңнің мағынасын түсініп, мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап беруге жаттықтыру, ана тіліміздегі тәп дыбыстарды атап айтқанда анық айтуға үйрету. Баурымал болуға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Менің отбасым» **Сауат ашу** **Тақырыбы:** «Білімімізді тексереміз» **Мақсаты:**балалардың сөз, сөйлем, буын және екпін туралы білімдерін бекіту. Сөздерге дыбыстық талдау жасау барысында пайдаланатын текшелермен таныстыру, ягни дауысты дыбыстар қызыл текшемен ал дауыссыз дыбыстар көк текшемен және өтілмеген дыбыстар қоңыр текшемен белгіленетінін түсіндіру., Сөздегі екпінді буынды анықтап, зейінділік пен дыбысты дұрыс есту қабілетін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Сөзді буынға бөлейік» **Орыс тілі** **Тақырыбы:** «Менің отбасым» **Мақсаты:** бірге тұратын адамдар (әке, ана, әже, атасы, ағасы, әпкесі) ретінде Отбасы әлемі туралы түсінік қалыптастыру. Отбасылық өмірде мейірімділікті,	**Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Үйдегі өсімдіктерге күтім жасаймыз» **Мақсаты:**балаларды сепкішпен су шашуға, дымқыл жаққышпен өсімдіктердің шаңын сүртуге үйрете отырып, аналарына көмек беруге тәрбиелеу. Жұмысты ұқыпты орындап, отбасына көмек беругеынталандыру, **Дидактикалық ойын:** «Анамызға көмектесеміз» **Математика негіздері** **Тақырыбы:**«5, 6 сандары және цифрлары» **Мақсаты:**балаларды5,6 сандарының цифрлары және құрамдарымен таныстыру.Көрнекі түрде 5,6 сандарын шығарып алу жолдары туралы түсіндіріп, заттың саны оның түріне және көлеміне тәуелді еместігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Зейін- дерін, байқағыштық дағдыларын дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Жылдам сана»	**Сурет** **Тақырыбы:** «Атамның тымағы» (зәттық) **Мақсаты:** балаларды ер адамға арналған бас киімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен таныстыру. Үлгіге қарап тымақтың суретін салуды үйрету, балалардың шығармашылық қабілетін арттыру. **Дидактикалық ойын**: «Атама көмектесемін» **Жапсыру** **Тақырыбы:**«Анамның қамзолы» (Сәндік) **Мақсаты:** қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру. Киіздің түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолдана білуді үйрету. Қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру, оқу атауларын еске түсіру. **Дидактикалық ойын:** «Кімнің сыйлығы?» **Мүсіндеу** **Тақырыбы** :«Әкеме арналған білезік» **Мақсаты:** Балаларды мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін меңгерте отырып, мүсіндеуде, ермек саз бетіне өрнек салуға үйрету. Тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Кімге не керек?» **Музыка (2 сағ)** **Тақырыбы** «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі» **Мақсаты:** Отбасын сыйлауға, ата-ананың қамқорлығын әнмен жеткізіп, қадірлей білуге баулу. Әндегі жылулық сезімін бере білу. **Әуенді ырғақты қимыл:** «Маусымжан» Қазақ халық әні (Ауыспалы адым) **Музыка тыңдау:** «Аман болшы» А.Айтуова **Ән айту**: «Ата-анаға көз қуаныш» А.Айтуова **Дидактикалық ойын** : «Үйдегілер не істеуде?»	**Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** «Отбасым-бақыт мекені» **Мақсаты:** сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.Отбасындағы өзара қарым-қатынас дағдыларын дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Отбасыма тілек»

		төзімділікті, түсінушілікті, өзара көмекті дамытуға ықпал ету. Ата-аналар туралы қысқа сөйлемдер құра білу. **Дидактикалық ойын:** «отбасының әр мүшесі қандай жұмыс істейді?»			
«Менің көшемо» **2-апта**	**Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері** **Тақырыбы:** Мен көшедемін. «Балалар», «Жаяу жүргіншілер» жол белгілері. Қауіпсіздік ережелері» **Мақсаты:**Көшеде өзін ұстау ережесі. Жол қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін бекіту. Автоколік түрлерімен «Балалар», «Жаяу жүргіншілер» жол белгілерімен, полиция қызметкері мамандығымен таныстыру. Өз денсаулығына деген жауапкершілік сезімге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын**: «Бағдаршам» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Арқан үстімен басқа қашық қойып бір бүйірімен тепе-теңдік сақтап жүру. 2)Доға астынан бөспен доғты итере жүріп еңбектеу. 3)Биіктігі 15-20см заттардан екі аяқпен тура секіру. **Қимылды ойын:** «Көшедегі аялдама»	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Менің көшем» **Мақсаты:** Өздері тұратын көшелері жайлы баяндап беруге үйретіп, балалардың сөйлеу тілін сөздермен байыту. Тәрбиеші қойған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастырып,диалог түрінде сөйлеуге үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Сөйлемді толықтыр» **Сауат ашу** **Тақырыбы:**««А» дыбысымен таныстыру» **Мақсаты:**«А»-дыбысының айтылғанда кедергісіз айтылатынын, сондықтан даусты дыбыстар қатарына жататынын және қызыл текшемен белгіленетінін түсіндіру. Дыбыстарды «А» дыбысы бар сөздерді буынға бөлгізіп, дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сөздердің ұзынды, қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету. **Дидактикалық ойын:** «А дыбысына байланысты сөз ойла?»	**Жаратылыстану.** **Тақырыбы:** «Көшемізге күз келді» **Мақсаты:** балаларды күз мезгілінің ерешеліктеріментаныстыру. Маусымдық өзгерістерді байқауға, айырма шылығын ажырата білуге үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Күздегі айырмашылықты тап» **Математика негіздері** **Тақырыбы:** 7,8,9 саны және цифры **Мақсаты:** балаларды 7,8,9 цифрымен таныстыру, көрнекі түрде 7,8,9 санын шығарып алуға үйрету; математи калық тілдерін, зейіндерін, байқағышт ықтарын, өз бетінше жұмыс істей білу дағдыларын дамыту. **Дидактикалық ойын:**«Көңілді тапсырмалар» **Құрастыру** **Тақырыбы:** «Көшедегі көліктер» **Мақсаты:** балаларды «Лего» конструкторларымен жұмыс жасай білуге, материалдарын пайда ланып 2-5 бөліктен тұратын белгілі бір заттың бөліктерін біріктіріп жасай білу әдіс-тәсілдерін меңгерту, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. **Ойын:** «Көшедегі көлік түрлерін ата?»	**Сурет** **Тақырыбы:** «Кешкі қала көшелері» (мазмұнды) **Мақсаты:** ұжымдық жұмыста бірлесіп жұмыс жасауға, бір-бірі мен келісе отырып, қала көрінісін шығармашылықпен бейнелеуге жұмылдыру. Көркемдік талғамын, ой қиялын дамыту, кешкі қала көрінісінің әсемдігін, сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Қаламыздың көркем жерлерін атайық» **Жапсыру** **Тақырыбы:**«Менің көшемдегі үйлер» **Мақсаты:** геометриялық пішін дерден үй жапсыруға үйретіп, үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге қабілеттерін дамыту. Қайшы, желіммен жұмыс жасау дағды ларын қалыптастыру **Дидактикалық ойын:** «Үй бөлшектерін ата?» **Мүсіндеу** **Тақырыбы:** «Өзіме ұнайтын көліктер»(Мазмұнды) **Мақсаты:** қалаған көліктерінің мүсінін ермексазбен жасай білу әдістерін үйрету. Есу, жалпақтау,домалақтау әдістерін меңгерту. Ұсақ қол қимылдарын дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге ынталандыру. **Дидактикалық ойын:** «Автотұрақ»	**Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** «Мен әдепті баламын» **Мақсаты:** Әдептілік туралы түсініктерін кеңейтіп, өз көшесіндегі адамдармен және достарымен жағымды қарым-қатынаста болу дағдыларын дамыту,әдептілік,сыпайылық қа тәрбиелеу. **Дид.ойын:** «Керіп достарым» **Қоршаған орта** **Тақырыбы:** «Көшедегі қауіпсіздік» **Мақсаты:** Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоғамдық және жеке көліктер- дегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсінік терін дамыту. **Дидактикалық ойын**: «Жол белгілерін ата?»
	Дене шынықтыру **Негізгі қимылдар:** 1)Биіктігі 15-20см заттардан екі аяқпен тура секіруді бекіту. 2)Доға астынан бөспен доғты итере жүріп еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. 3)Гимнастикалық қабырғаға түрлі тәсілдермен,сатыны аттамай өрмелеу. **Қимылды ойын:** «Көліктер» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Сапқа үш қатармен тұру, бір орнында оңға, солға бұрылуды үйрету. 2)Гимнастикалық қабырғаға түрлі тәсілдермен,сатыны аттамай өрмелеуді бекіту. 3)3-4м арақашықтықтан дорбашаны лақтыру. **Қимылды ойын:**«Автомобиль мен торғайлар»	**Орыс тілі** **Тақырыбы:** Менің көшем **Мақсаты:** балаларда зат есімдерді етістіктермен үйлестіру қабілетін қалыптастыру.Мекен-жайыңызды есте сақтауға және балалар тұратын көше неге осылай аталатынын білуге көмектесу. Ескертуге жылы келеңсіздіктерден байланысты байланыстар, бейтаныс. Қазіргі заманғы тұрмыстық жағдайда өмір мен денсаулықты сақтауды қамтамасыз ететін мінез-құлық ережелерін үйретуді жалғастыру. **Дидактикалық ойын:** «Кім қайда тұрады?» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Әже» (өлеңді жаттау) Ә. Қайранов **Мақсаты:** өлеңді оқып, мазмұнымен таныстыру. Өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету, әр шумағын қайталату арқылы жаттату, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды әже туралы өз ойларын айтып жеткізуге дағдыландыру. Үлкенді сыйлай білуге, әжені құрметтеуге тәрбиелеу.		**Музыка (2 сағ)** **Тақырыбы** :«Менің көшем» **Мақсаты:**балалардың музыкалық шығарманы тыңдау, талдау, салыс-тыру дағдыларын қалыптастыру. Музыка тыңдау барысында өзі тұратын қаланың,көше-нің суретін салғанын, қиялын шыңдау. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Ақ қайың би» **Музыка тыңдау:** «Жол ережесі тәртібі» Б.Бейсенова **Ән айту**: «Біздің ауыл» И.Нүсіпбаев **Ойын ойнау**: «Ақ серек, көк серек» Қимылды ойын	

		Дидактикалық ойын:«Әжеме арналған			
«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» 3-апта	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** **Негізгі қимылдар :** 1)Сапқа үш қатармен тұру, бір орнында оңға, солға бұрылуды бекіту. 2)3-4м арақашықтықтан дорбашаныпқ нысанаға ұшқан асырып лақтыру. 3)Арқаға құм қапшықты қойып, қарынменен еңбектеу. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** 1)Сапта қатарды бұзбай заттардан аттап жүруге үйрету. 2)Арқаға құм қапшықты қойып, қарынмевен еңбектеу. 3) Гимнастикалық орындық үстімен доптардан аттап жүру. **Қимылды ойын:** «Кедергілерден аттап өт» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар** **1)** Гимнастикалық орындық үстімен доптардан аттап жүру. 2) Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату. 3) Алға қарай отырып секіру **Қимылды ойын:** «Қауіпты, қауіпсіз»	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» **Мақсаты:**балаларға үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Өз ісіне ұқыпты болып, үлкендердің айтқанын тыңдауға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Қауіпті-қауіпсіз» **Сауат ашу** **Тақырыбы:** «Т» дыбысы **Мақсаты:** «Т» дыбысымен таныс тыру. Т дыбысы естілетін сөздер ойлап, дыбыстық талдау жасап көк текшелермен белгілеуді үйрету. Жаттығуларды орындату арқылы балаларды шыдамды-лыққа, тапқырлыққа баулу. Балаларды дыбыстарды қосып айтуға үйрету. **Дид.ойын:** «Жасырынған дыбыстар» **Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Әдептілік әлемі» (өлеңді жаттау) Е.Өтегілеуұлы **Мақсаты:**өлеңді мәнерлеп оқу, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлен арқылы әдептілік туралы өз ойларын ашып айтуға баулу. Әдепті, кішіпейіл, мейірімді болуға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын** «Әдепті деп кімді айтамыз?» **Орыс тілі** **Тақырыбы:** «үйде және көшеде қауіпсіздік техникасы» **Мақсаты:** ас үйде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету: - Тек пештің артқы қыздырғыштарын қолданыңыз және табалардың тұтқаларын қабырғаға бұраңыз. - Баланың пештің ыстық есігіне жақындауына жол бермеңіз. - Сымсыз немесе қысқа бұралған сыммен шайнекті таңдаңыз. - Қалған қайнаған суды құйыңыз. - Өшірілген ыстық үтік қол жетімді емес жерде салқындауы керек. Сымды ілулі қалдырмаңыз. **Дидактикалық ойын:** «Үй қауіпсіздігі ережелері»	**Жаратылыстану.** **Тақырыбы:** «Лас суды тазарту» (тәжірибелік іс-әрекет) **Мақсаты:** балаларға лас судың қауіпті екенін түсіндіру.Суды қалай тазартуға болатыны жайлы түсінік беру. Тәжірибелік-зерттеу әрекетін меңгерту. Өзіндік тәжірибе жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Балаларға қарапайым ғылыми білім беру. Зерттеушілік іс-әрекеттерине баулу. **Дидактикалық ойын:** «Суды тазартайық» **Математика негіздері** **Тақырыбы:** 10 саны мен цифры. Қарапайым есептер мен мысалдар шығару. **Мақсаты:** балаларды 10 цифры мен саны туралы математикалық білімдерін қалып тастыру.10 санын шығарып алуға жаттықтыруын, 10 санының құрамы туралы білім дерін жетілдіру. **Дидактикалық ойын:** «Адасқан сандар»	**Сурет** **Тақырыбы:** «Бағдаршам» (заттық) **Мақсаты:** түрлі-түсті бояудың көмегімен геометриялық фигураларды пайдаланып бағдаршамның суретін салу дағдыларын қалыптастыру. Ұқыптылыққа және қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** «Бағдаршамның құпиясы» **Жапсыру** **Тақырыбы:** «Біздің үй» (Сюжетті) **Мақсаты:** сәулет өнері туралы түсінік беру. Геометрия ялық пішіндерді үйлестіре отырып, үйдің бөлшектерін жапсыруға үйрету, қағаз, қайшы, желіммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Дидактикалық ойын** «Өз жұмысың туралы әңгімеле» **Мүсіндеу** **Тақырыбы:**«Үйдегі ыдыстар» (қасық, тәрелке, сәптыаяқ) **Мақсаты:** ыдыстар жайлы түсінік бере отырып, ыдыстарды ұқыпты ұстауға үйрету. Мүсіндеу іскерлік тери, пышарма шылық қабілетін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Ыдыстарды сындармаймыз» **Музыка (2 сағ)** **Тақырыбы** :«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» **Мақсаты:**музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әнінің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойында эмоциясын ояту. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Қолшатырмен би» **Музыка тыңдау:** «Бағдаршам» А.Махамбетова **Ән айту**: «Здравствуй, осень» Ю. Слонова **Ойын ойнау**: «Кім жылдам?» Қимылды ойын	**Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** «Мен ұқыпты баламын» **Мақсаты:** ұқыптылық ұғымының адамгершілік құндылық ретінде мәнін ашып отырып, үйде де, көшеде де қауіпсіздік ережелерін сақтап ұқыпты болуға тәрбиелеу. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. **Дид. ойын**: «Тыңда, есіңде сақта!»
«Алтын күз» 4-апта	**Қауіпсіздік мінез-құлық негіздері** **Тақырыбы:**«Азық-түліктер мен күзгі дәрумендер» **Мақсаты:**Күз мезгілінде шоетін дәруменді жеміс –жидектермен таныстыру. Пайдалы азық-түліктер мен дәрумендер және	**Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:**«Күзгі дала» жаттау М.Әлімбаев **Мақсаты:** балаларға табиғаттағы күзгі құбылыстар туралы түсінік беру, өлеңнің күз құбылыстарын суреттеп, бейнелейтін тұстарын анықтау, өлеңді жаттату.	**Жаратылыстану.** **Тақырыбы:** «Күзгі саябаққа экскурсия» **Мақсаты:**Күз мезгіліндегі өсімдіктер мен жануарлардың тіршіліктері туралы білімдерін кеңейтіп,түсініктерін нақтылау. Бақылайтын заттар арасындағы себеп-салдарлық байланыс	**Сурет салу** **Тақырыбы:**«Күзгі орман» **Мақсаты:**қылқалам мен және боямен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, таза нақтылыққа тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын** «Сиқырлы жапырақ»	**Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** «Табиғаттан үйренейік» **Мақсаты:**табиғаттың бар тіршілік иелеріне берері мол екенін түсіндіру.Тұтын жерді табиғатына деген

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»
2021 жыл Қараша айы

Мақсаты: денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың дене сапаларын өздігінен жетілдіру қажеттіліктерін және салауатты өмір салтын қолдану негіздерін дамыту.

Міндеттері:

-отбасымен тығыз байланыс жасай отырып, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың мәдени-гигиена саласындағы түсініктері мен біліктерін тереңдетіп дамыту; Салауатты өмір салтына тәрбиелеу;

- сөзден сөйлем құрау арқылы негізгі ойларын дұрыс жеткізе білуге дағдыландыру. Дыбыстарды ажырата отырып, сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету . Ағылшын және орыс тілдеріндо таныс бейнелердің атын, аудармасын айтып, сөздерден сөйлем құрау қабілеттерін дамыту;

- балалардың қоршаған ортаға және табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін дамыта отырып, үйлесімділікпен құрастыра білу білім, біліктерін жетілдіру; Заттардың көлемдерін анықтап, санауға және оны санмен белгілеуге үйрету.

-бейнелеуді орындау техникаларын, өнер түрлерін және өнер туындыларын талдаудың бастапқы техникаларын үйрете отырып, балалардың эстетикалық талғамын, шығармашылығын дамыту;

- өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау, өзіне және өзгелерге көмектесу және татулыққа тәрбиелей отырып, балалардың жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту.

Тақырыпша	**«Денсаулық»** Денешынықтыру-2.5 Қауіпсіз мінез-құлық негіздері-0.5	**«Қатынас»** Сөйлеуді дамыту-1 Орыс тілі-1 Сауат ашу-2 Көркем әдебиет-1	**«Таным»** Құрастыру-0.5 Математика негіздері -1 Жаратылыстану-1	**«Шығармашылық»** Музыка-2 Сурет-1 Мүсіндеу-1 Жапсыру -1	**«Әлеумет»** Өзін-өзі тану-1 Қоршаған орта-0.5
« Өзім туралы» **1-апта**	**Денешынықтыру** **Негізгі қимылдар :** 1) Зат арасымен түрлі жылдамдықпен-баяу, жылдам жүгіру. 2)Арқан баспалдақпен бір тәсілмен өрмелеу. 3) Гимнастикалық орындық үстімен әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан қолға ауыстырып жүру. **Қимылды ойын:** «Мен еттімін» **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар** 1)Гимнастикалық орындық астынан еңбектеп өту. 2) Гимнастикалық орындық үстімен әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан қолға ауыстырып жүру. 3)Гимнастикалық қабырғаның басына дейін өрмелеу,келесі аралыққа ауысыптомен түсу. **Қимылды ойын:** «Мен қуып жет» . **Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар** 1)Заттар арасымен жүру. 2)Гимнастикалық қабырғаның басына дейін өрмелеу,келесі аралыққа ауысыптомен түсу. 3) Гимнастикалық орындық үстінде қойылған заттардан аттап жүру. **Қимылды ойын:** «Соқыр теке бақ-бақ, мені іздеп тап-тап».	**Көркем әдебиет** **Тақырыбы:**«Өзімді таныстырамын » (театрландырылған ойын) **Мақсаты**: өздері таңдап алған қуыршақ жануарлардың образына ене отырып, сол жануардың даусын келтіру қабілетін арттыру. Сахналық шеберлікке, шығармашылыққа,еркін сөйлеуге дағдыландыру. **Дидактикалық ойын**: «Менің кейіпкерім...» **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:**«Өзім туралы» **Мақсаты:**ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдап, түсіне білу дағдыларын қалыптастыру. Өздері жайлы әңгімелеуге, сөйлеу барысында тілінің интонациясына байланысты сөйлемдерді қолдана білуге үйрету. **Дидактикалық ойын:**«Кәне, әңгімелесейік. («Ғажайып орындық» арқылы) **Сауат ашу** **Тақырыбы:**«Дыбыстарды ажыратуға үйрету. «Н » дыбысымен таныстыру» **Мақсаты:** Н дыбысымен таныстыру. Сөзге дыбыстық талдау жасай білуге, дыбыстарды ажыратып, текшемен белгілеуге үйрету. **Дидактикалық ойын:** «Сөз ойла , тез ойла» **Орыс тілі:** **Тақырыбы:** «өзім туралы» **Мақсаты:** балалар жынысын анықтай алуы керек. Сондай-ақ дене бөліктерін көрсету және атау. Қысқа сөйлемдер құра білу. **Дидактикалық ойын:** «қайда, не кию керек?»	**Жаратылыстану** **Тақырыбы:** «Мен үй жануарларына қамқорлық жасаймын» **Мақсаты:** үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіре отырып, олардың адамзатқа пайдасытуралы айту; Құрдастарының жауаптарын толықтыра білу қабілеттерін дамыту. **Дидактикалық ойын**: «Қандай жануарға қамқорлық қажет?» **Математика негіздері** **Тақырыбы:** «Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығына қарай салыстыру» **Мақсаты:** Балаларды заттардың ұзындығын түрлі заттардың көмегімен – лего бөліктерімен т.б өлшеуді ұсыну Шартты өлшем түсінігін беру. Кез келген нәрсемен өлшеуге болатынын, бірақ нәтиже дәл емес шамаға жуық болатынын түсіндіру. Сызғышты және оның сантиметрлік бөліктерін түсіндіру. **Дидактикалық ойын:**«Кімнің бойы ұзын, кімнің бойы қысқа...?»	**Сурет** **Тақырыбы: «Досымның суреті»** **Мақсаты:**балаларды адамның тұлғасын жалпы дене құрылысын анықтап, бейнеп айқындай отырып салуға үйретіп. Шығармашылығын дамыту,ұқыптылыққа тәрбиелеп, өз жұмысына қуана білуге үйрету. **Дидактикалық ойын:**«Өзіңді таныстыр» **Жапсыру** **Тақырыбы:** «Мен және менің ата-анам» **Мақсаты**: Сұлбалық қию дағдыларын бекіту. Дене бөліктерінің пішінін, пропорциясын бере білуді үйрету. Қиюдың түрлеріне тіке, шеңбермен, қиғаш қию дағдыларын дамыту. **Дидактикалық ойын:**«Менің отбасым» **Мүсіндеу** **Тақырыбы:**«Менің сүйікті ойыншығым» **Мақсаты:**Қарапайым үйлесімдікті сақтай отырып, ойыншық пішінін мүсіндей білу дағдысын дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Ерте, ерте, ертеде...» (өздері жасаған ойыншықтарымен жаңа ертегі құрастырып, айту) **Музыка (2 сағ)** **Тақырыбы** «Өзім туралы» **Мақсаты:** Жақсылықты, жаңалықты музыка тілімен сезіну ді үйрену. Әнді орындағанда үндесіп, біріп-бірі тыңдап айтуға үйрету. **Әуенді ырғақты қимыл**: «Көңілді балалар» Литва халық әуені **Музыка тыңдау:** «Көңіл толқыны» С.Тұрысбеков **Ән айту:** «Мен-бақытты баламын» А.Махамбетова **Аспапта ойнау**:«Угай-ай» Халық әні Асатаяқпен ойнау	**Өзін-өзі тану** **Тақырыбы:** «Мен ерекше баламын» **Мақсаты:** балалардың өзіндік «менін» ұғындыру. Өздерін тануға, өз ерекшелік-тери білуге үйрету. Өз бас тарын сыйлап, бағалай білуге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын**: «Мен осындаймын»

